

"Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 408 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 03 наурыздағы Заңына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е.Серікбаев) мемлекеттік мекеменің ережесін әділет органында тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Убайдуллаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Ұ.Сәдібеков

Сайрам ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 9 қарашадағы
№ 408 қаулысына қосымша

"Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- мемлекеттік орган) аудан көлемінде кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, ауыл шаруашылығы салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

"Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Сайрам аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

1) "Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Осы Мемлекеттік орган туралы ереже Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 40-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

4. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ және орыс тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік органның құрылтайшысы – "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, БСН 020940000997, индекс 160800, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек жолы №95 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Заңды тұлғаның орналасқан жері, 160800, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Абылайхан көшесі, №66.

12. Осы Ереже "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік органға кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

15. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

1) аудан көлемінде агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;

2) аудан аумағындағы кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

16. Міндеттері:

1) агроөнеркәсіп кешені өнімі өндірісінің тұрақты өсуі негізінде ауданның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) агроөнеркәсіп кешені салаларында индустриалдық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру;

3) агроөнеркәсіп секторына реформаларды жүргізу, саланы қаржылай сауықтыру, ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық өсуін жылдамдату және экспорттық потенциалын арттыру үшін инвестиция тарту;

4) агроөнеркәсіп кешені салаларының осы заманғы инфрақұрылымын дамыту және техникалық жабдықтауды жоғарылату;

5) мал шаруашылығы дамуының мониторингін іске асыру;

6) ауыл шаруашылық малдарын асылдандыру саласына ықпал жасау;

7) қайта өңдеу өндірісін тұрақты дамыту және қолдау, ауыл шаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органға тұқым шаруашылығы жөнінде жұмыстар жүргізуге жәрдем көрсету;

9) дақылдардың орналасуына, жерді тиімді пайдалану, сондай-ақ тұқым шаруашылығының мәселелеріне талдау жасау, ауыл шаруашылығы туралы мәлімет дайындау;

10) ауыл шаруашылық техникаларына, ауыл шаруашылығы жұмыстарына жанар-жағар май (ЖЖМ) мөлшерінің жұмсалуына талдау жасау, қосалқы бөлшектермен жабдықтандыру, лизингтік қатынастарды енгізу мен кеңейтуге ықпал жасау;

11) ауыл шаруашылық техникаларының есебін жүргізу;

12) машина-трактор паркі мен техникалардың жаңалануына мониторинг және сараптама жүргізу.

13) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

14) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;

15) туристік қызметінің үйлестіру жұмысын жүргізу.

17. Функциялары:

1) ауыл шаруашылығы бөлімі өз құзіретіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді осы салаға қатысты қолданыстағы стандарттар мен регламенттерге сәйкес көрсетеді;

2) ауданның агроөнеркәсіптік кешенінің әлеуметтік-экономикалық өсуінің стратегиялық жоспарларын дайындап, оның іске асуын қамтамасыз ету;

3) ауыл шаруашылығы саясатын жүргізу үшін ауылдың стратегиялық жоспарларын және аймақтық бағдарламаларын әзірлеу;

4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін осы Заңға, осы саладағы мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламаларға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

5) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштар, тұқым улағыштар мен гербицидтер алуға бағытталған субсидиялау бағдарламаларын іске асыру;

6) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ауыл шаруашылығына бағытталған инвестициялық жобалар мен басқада қаржы көздері туралы ақпаратты ұсыну.

7) асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық репродуктор және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін асыл тұқымдық куәліктердің есебін жүргізу;

8) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асырады;

9) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден және асыл тұқымды малы бар жеке және заңды тұлғалардан бекітілген нысандар бойынша есептер қабылдайды;

10) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректерді есепке алуды жүргізеді;

11) ағын сумен қамтамасыз ету;

12) субсидияға бөлінген тұқымның нысаналы пайдалануын бақылауды жүзеге асыру;

13) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері көрсететін қызметтердің сапасын тексеру;

14) тұқымды өндіруді, дайындауды, сақтауды, өткізуді, тасымалдауды және пайдалануды бақылау;

15) тұқым шаруашылығы саласында мемлекеттік стандарттарды, нұсқаулықтарды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша техникалық реттеу аймағындағы уәкілетті органға ұсыныстарды енгізеді;

16) сорттық және тұқымдық бақылау;

17) аттестатталған тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың тұқымдардың сорттық және себу сапасына сараптама жүргізуін, олардың тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды сақтау;

18) техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетеді;

19) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру;

20) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша жүргізетін адамдарды тіркеу;

21) тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру;

22) тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу;

23) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

24) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру;

25) жылыжай шаруашылығы, қойма шаруашылықтары бойынша мониторинг жүргізу;

26) өңіраралық кооперацияны дамыту мақсатында және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бойынша ауылшаруашылығы жәрмеңкелері мен көрмелерін ұйымдастыру;

27) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

28) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;

29) туристік қызметінің үйлестіру жұмысын жүргізу.

30) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;

31) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;

32) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және соған жауапты болады;

33) өңірде шағын және орта кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

34) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Ұлттық палатамен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;

35) сараптама кеңестерінің қызметін ұйымдастырады;

36) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;

37) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

38) өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

39) аудан көлеміндегі заңсыз жер қойнауын пайдалану фактілерін анықтау және оларға зерттеу жүргізу;

40) көшпелі сауданы арнайы белгілеген орындарын жүзеге асырады;

41) аудан көлемінде туризмді және туристік индустрияны қолдау бағдарламаларының орындалуын үйлестіреді және әзірлейді;

42) аудандағы шағын кәсіпкерліктің дамуы жөнінде аудан көлемінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар бойынша көрсеткіштер мониторингін жүргізу;

43) аудандағы әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағаларына мониторинг жүргізе отырып, мемлекеттік бағаны тұрақтандыру саясатын жүзеге асыру;

44) жергілікті атқарушы органдарға заң талаптарына сәйкес жүктелген басқа да мемлекеттік басқару уәкілеттіктерін жүзеге асырады;

Ведомствоның функциясы:

1) сумен қамтамасыз ететін магистралдық жүйелерді қалыпты жағдайда ұстау.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан аумағында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) ауылдық аумақтарды дамытудың және осы саладағы бағдарламаларды іске асырудың мониторингін жүргізеді;

3) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны облыстың жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) береді ;

4) бөлімнің күзіреті шегінде су қорларын сақтау, тиімді пайдалану және инфрақұрылымын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік саясатқа қатысады;

5) бонитировка туралы ақпаратты жинайды және құзырлы тұлғаларды оның нәтижелері жөнінде ақпараттандырады;

6) статистика органдарынан және тиісті бөлімдерден бөлімнің жұмысына қажетті есептік мағлұматтар алуға құқылы.

7) өзінің құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;

8) жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын орындау;

9) бөлімнің мүдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру;

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

19. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бөлім басшысы жүзеге асырады.

20. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын - орынбасары болады.

22. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) бөлім атынан сенімхатсыз әрекет жасайды және барлық ұйымдарда Бөлім мүдделерін білдіреді;

2) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде Бөлім мүлігіне билік жасайды ;

3) шарттар жасасады, сенімхаттар береді, Бөлімнің регламентін, жұмыс тәртібі жоспарларын бекітеді;

4) банктерде есеп-шоттар ашады, Бөлімнің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) бөлім қызметкерлерін марапаттайды және тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады, өз орынбасарының және Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін белгілейді;

6) бөлімдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін дербес жауапты және тікелей міндетті болады;

7) заңнамамен, осы ережемен және аудан әкімдігімен жүктелген басқа да қызметтерді атқарады. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

23. Бөлім басшысы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

6-тарау. Жұмыс режимі

28. Мемлекеттік органның жұмыс режимі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге де заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК